

Тауарларды қайта өңдеу шарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 107 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 19 ақпанда № 16383 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 31 қазандағы № 655 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.10.2025 № 655 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 449-бабының 7-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.10.2022 № 1080 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған тауарларды қайта өңдеу шарттары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Тенгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін қазақ және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық акпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;
 - 3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;
 - 4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы

Тауарларды қайта өңдеу шарттары

1. Қазақстан Республикасының аумағында алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуді Қазақстан Республикасының салық төлеушілері меншікті немесе өздерінің жалға алған өндірістік үй-жайларында және қуаттарында жүзеге асырады.

2. Алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.10.2022 № 1080 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Тауарды қайта өңдеу жөніндегі операциялар алыс-беріс шикізатын қайта өңдеудің екі түрінің біреуі бойынша жүзеге асырылады:

1) өнімді (тауарды) алу үшін шикізатты және (немесе) материалдарды өндірісте пайдалану кезінде Сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауар номенклатурасының коды алғашқы төрт белгінің кез-келген деңгейінде пайдаланылған шикізаттың және (немесе) материалдың кодынан ерекшеленеді;

2) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу немесе өңдеу кезінде қарапайым құрастыру операциялары (тойтару, пісіру, желімдеу, құрастыру және басқа да осыған ұқсас операциялар), қоғамдық тамақтандыру ұйымдарының тамақ өнімдерін қайта өңдеуі, тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау жөніндегі операциялар (тауар лектерін бөлшектеу, жөнелтімдерді қалыптастыру, сұрыптау, буып-түю, қайта буып-түю), алынған өнімге оны бастапқы құрамдас бөліктерінен Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды бойынша алғашқы төрт белгінің кез-келген деңгейінде ерекшеленетін сипаттама берместен, тауарларды, құрамдауыштарды араластыру, төл алу, жануарларды, құстарды, балықтарды өсіру және жемдеу, сондай-ақ шаян тәрізділер мен моллюскаларды өсіру, ағаштар мен өсімдіктерді өсіру, ақпаратты, дыбыс және бейне жазбаларды ақпарат тасымалдағыштардың кез келген түрлеріне көшіру мен көбейту, шетелдік тауарларды технологиялық үдерісте көмекші құралдар ретінде (жабдықтар, станоктар, тетіктер және басқалар) пайдалану жүзеге асырылмайды деген шартпен Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы бойынша осы алыс-беріс шикізатының коды бойынша өнімдерде қайта өңдеу сипаттамасын сақтай отырып, дербес сипатын жоғалтады.

